

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа әскерлеріне және әскери құрылымдарына азаматтарды 2010 жылдың сәуір-маусымында, қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру жүргізуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Мерзімі біткен

Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 26 сәуірдегі № 153 қаулысы . Қостанай облысы Ұзынкөл ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 21 мамырда № 9-19-132 тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" 2005 жылғы 8 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына, "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президенттің 2010 жылғы 29 наурыздағы № 960 Жарлығын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 15 сәуірдегі № 313 қаулысына сәйкес және нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3714 болып тіркелген "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа әскерлеріне және әскери құрылымдарына азаматтарды 2010 жылдың сәуір–маусымында, қазан–желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыруды жүргізуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы" Қостанай облысы әкімдігінің 2010 жылғы 15 сәуірдегі № 130 қаулысын іске асыру мақсатында, Ұзынкөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген азаматтардың Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа әскерлеріне және әскери құрылымдарына мерзімді әскери қызметке кезекті шақырылуы жөніндегі іс-шаралар 2010 жылдың сәуір–маусымында, қазан–желтоқсанында ұйымдастырылсын.

2. Қосымшаға сәйкес аудандық шақыру комиссиясының құрамы бекітілсін.

3. Ұзынкөл ауданының селолық округтер, Ұзынкөл, Троебрат, Ряжский селоларының әкімдері шақыру комиссиясының отырысына әскерге шақырылушылардың келуін қамтамасыз етсін.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы әкімдігінің 2010.09.17 № 298 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді) қаулысымен.

4. "Қазақстан Республикасы ішкі істер Министірлігі Қостанай облысының ішкі істер Департаменті Ұзынкөл ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) ұсынылсын:

1) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарына шақыруды жүргізу мен шақырылушыларды жөнелту кезінде шақыру пунктінде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;

2) "Ұзынкөл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесіне азаматтарды шақыруды өткізуге және шақырылғандардың арасынан белгіленген әскери есептің ережелерін бұзғандарды анықтауға қажетті көмек көрсету;

3) әскери міндетін орындаудан жалтарып жүрген тұлғаларды іздестіруді және ұстауды жүргізу;

5. "Ұзынкөл ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне шақыруды ұйымдастыру және жүргізу және әскерге жіберу жөніндегі іс-шараларды қаржыландыруды "Ұзынкөл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қаржыландыру жоспарында қарастырылған қаражат есебінен 122-005-000 "Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар" бағдарламасы бойынша жүзеге асыру ұсынылсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М.В. Слесарьға жүктелсін.

7. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2010 жылдың 1 қаңтардан туындаған іс-қимылдарға таратылады.

Ұзынкөл

ауданының әкімі

А. Сейфуллин

КЕЛІСІЛДІ:

"Қазақстан Республикасы ішкі

істер Министірлігі Қостанай

облысының ішкі істер

Департаменті Ұзынкөл ауданының

ішкі істер бөлімі" мемлекеттік

мекемесінің бастығы

_____ А. Елисеев

"Ұзынкөл ауданының Қорғаныс

істері жөніндегі бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің бастығы

_____ О. Уразалиев

"Ұзынкөл аудандық орталық

ауруханасы" мемлекеттік
коммуналдық қазыналық
кәсіпорнының бас дәрігері
_____ Қ. Ержанов

Ұзынкөл ауданы әкімдігінің
2010 жылғы 26 сәуірдегі
№ 153 қаулысымен бекітілген

Аудандық шақыру комиссиясының құрамы

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы әкімдігінің 2010.09.17 № 298 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді) қаулысымен.

Уразалиев Омарғали Орымбайұлы	"Ұзынкөл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлім" мемлекеттік мекемесі, бастық, комиссия төрағасы (келісім бойынша)
Абиджанов Азамат Нағашыбайұлы	"Ұзынкөл ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі, жалпы бөлім бастығы, комиссия төрағасының орынбасары
Комиссия мүшелері:	
Нұрмағамбетов Қанат Абрайұлы	"Қазақстан Республикасы ішкі істер Министірлігі Қостанай облысының ішкі істер Департаменті Ұзынкөл ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесі, бастықтың орынбасары (келісім бойынша)
Чиканаев Құдайберген Шаймерденұлы	"Ұзынкөл аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, хирург (келісім бойынша)
Каплун Наталья Дмитриевна	"Ұзынкөл аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, жасөспірімдер кабинетінің медбикесі, комиссия хатшысы (келісім бойынша)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК